

Ақыретті тану

المدخل إلى الإيمان باليوم الآخر

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى >



Islamhouse.com



Аса Мейірімді Рахымды Аллаһтың атымен

Ақыретті тану

Ақырет күніне сену – иман тіректерінің бірі

Иманның ұлы тіректерінің бірі – Ақырет күніне сену. Иман дегеніміз – Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның кітаптарына, Оның пайғамбарларына, Ақырет күніне, тағдырға және ондағы жақсылық пен жамандықтың тек Аллаһтан екендігіне сену. Демек, Ақыретке сену – иманның ажырамас бір бөлшегі. Онсыз иман кәміл болмайды.

Ал, Ақырет – Аллаһ Тағаланың адамдарды есеп-қисап үшін қабірлерінен тірілтіп тұрғызып, олардың арасында төрелік етіп, оларға іс-амалдарының қарымтасын қайтару.

Ислам ақидасы Аллаһ Тағаланың бірлігі мәселесінен кейін осы Ақырет күні тірілу сеніміне құрылады. Осы ұлы күннің маңыздылығы үшін Аллаһ Тағала көптеген аяттарда Өзіне иман келтіруді, Ақырет күніне деген сеніммен байланыстырған. Аллаһ Тағала:

«Бірақ, кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, сол игі», Бақара сүресі, 177 аят;

«Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтіргендер; соларға зор сауап береміз», дейді (Ниса сүресі, 162 аят).

Осы мазмұндас көптеген аяттарды келтіруге болады. Сондай-ақ Ақыретті; ондағы сауап пен жазаны әңгімелеген аят кездеспейтін Құранның парағы кемде-кем. Сонымен қатар пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әрдайым иманның осы бір бөлшегіне баса назар аударып: *«Кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе»*, - деген мағынадағы сөздерді жиі айтатын.

Ақырет күніне сенуге үндеу – барша пайғамбарлардың дағуаты

Барша пайғамбарлардың мақсаты халықты бір Аллаһқа құлшылық етуге шақырып, Ақырет күніне иландыру болатын. Нұх (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымына ескертіп:

«Әй, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар, сендер үшін одан өзге құдай жоқ. Мен сендер үшін Ұлы күннің (Ақыреттің) азабынан қорқамын», - деген (Ағраф сүресі, 59 аят).

Бірақ Нұхтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымы оны өтірікшіге шығарды. Һуд пағамбар да (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз қауымына ескертіп:

«Енді Аллаһтан қорқып, маған бағыныңдар. Сендерді өздерің білетін нәрселер арқылы қолдаған Аллаһтан қорқыңдар. Сендерді малдар және балалармен, бақшалар және бұлақтармен қолдаған. Расында мен сендерге болатын ұлы күннің азабынан қорқамын», - деген (Шұғара сүресі, 131-135 аяттар).

Ад қауымы елшісіне:

«Сендерге өліп, топырақ және сүйек болғанда; (тірілтіліп) шығатындарыңды уәде ете ме? Сендерге бұл уәде етілген нәрсе; ұзақ, тым ұзақ! Дүние тіршілігі (осы) дүниедегі тіршілігіміз. Өлеміз де өмір сүреміз. Біз қайта тірілуші емеспіз», - деп жауап қайтарды (Мүминун сүресі, 35-37 аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) да құрайштарды бір Аллаһқа құлшылық етіп, Ақырет күніне илануға шақырған. Бір күні пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдына бір кәпір келіп, қолындағы өзі алып келген кураған сүйекті майдалап уатты да, ұнтақты ауаға шашып жіберіп: «Ей, Мұхаммад! Мынаны Аллаһ қайта тірілтеді деп бөсесің бе?», - дейді.

Осы жайтқа қатысты Аллаһ Тағала:

«Ол өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал келтірді. «Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» - деді. Сен: «Оны әу баста жаратқан тірілтеді. Ол барлық жаратылысты Білуші», - деп айт», (Ясин сүресі, 78-79 аяттар) деген уахи түсірді (Ибн Касир).

Сол сияқты бүгін де арамызда, шайтан азғырып, сенімдерін әбден билеп – төсеп алған «Ақырет күні бар» деген сөзге таң қалатын адамдар аз емес. Олар Ақырет туралы әңгіме қозғағандарды «Онда кім барып келіпті?» деп әжуа қылады.

Ақырет күніне сенбейтіндерге қарсы жауап

Ақырет күніне және қайта тірілуге сенбейтіндер үшін Аллаһ Тағала кесімді жауаптар келтіреді. Мысалы: Аллаһ Тағала бұл дүниенің өзінде өлтіріп, сосын қайта тірілткендігі жайлы алты мысал келтірген:

1. Аллаһ Тағала: **«Аллаһты ашық көрмегенімізше саған еш иман келтірмейміз»**, - дегендері үшін өлтіріп, сосын қайта тірілткен Мұсаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымындағы адамдар жайлы:

«Сендер: «Ей, Мұса! Аллаһты ашық көрмегенімізше саған мүлдем иман келтірмейміз», - деген кезде, сендерді қарап тұрған халдерінде жасын алған еді. Сонсоң шүкірлік етерсіңдер деп, өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік», - деген. Бақара сүресі, 55-56 аяттар.

2. Аллаһ Тағала:
«Сендер біреуді өлтіріп, сол жөнінде дауластындар. Аллаһ жасырғандарыңды ортаға шығарушы. Сонда: «Оны (өлікті) оның (сиырдың) кейбір (бөлігімен) қағындар», - дедік. **Осылайша Аллаһ өліктерді тірілтіп, сендерге ақылға келерсіңдер деп Өз аяттарын көрсетеді»**, - деген (Бақара сүресі, 72-73 аяттар).

Бұл аят өз араларындағы өлтірілген біреудің төңірегінде дауласқан Исраилдіктер жайлы әңгімелеген. Аллаһ Тағала оларға бір сиыр сойып, оның бір мүшесімен өлікті қағуды бұйырған. Олар өздеріне бұйырылғанды орындағаннан кейін Аллаһ Тағала өлікті тірілткенде, ол өзін өлтіргенді айтып береді, сосын қайта өлі қалпына түскен.

3. Сондай-ақ Аллаһ Тағала оба ауыруына ұшырап қашқан Исраилдіктерді өлтіріп, сосын қайта тірілткендігі жайлы:

«(Мұхаммед) өлімнен қорқып, өз жұрттарынан шығып кеткен мыңдаған адамдарды көрмейсің бе? Аллаһ оларға: «Өліңдер», - деді де, кейін қайта тірілтті. Расында Аллаһ адамдарға кеншілік иесі. Бірақ адамдардың көбі шүкіршілік қылмайды», - деген (Бақара сүресі, 243 аят).

4. Аллаһ Тағала өлтіріп, сосын жүз жылдан кейін қайта тірілткен Ғузайр (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жайлы:

«Немесе іргетасына дейін қиратылған ауыл үстінен өткен кісіні көрмедің бе? Ол: «Аллаһ мұны өлгенінен кейін қалай тірілтер екен?» - деді. Сонда Аллаһ оны жүз жыл өлі күйінде қалдырып, кейін қайта тірілтті де: «Қанша уақыт жаттың?» - деді. Ол: «Бір күн немесе күннің бір бөлігіндей жаттым», - деді. (Аллаһ): «Олай емес, сен онда жүз жыл жаттың. Тамағың мен сусыныңа қарашы, мүлдем бұзылмапты. Сондай-ақ есігіңе қара, Біз сені адамдарға аят–белгі қылу үшін осылай еттік. Ал енді сүйектерге қара, оны қалай құрастырып, кейін (қайтіп) ет қаптайтынымызға?! Оған жағдай айқындалған кезде: «Сөзсіз мен Аллаһтың әр нәрсеге Құдіретті екенін білемін», - деп айтты», - дейді (Бақара сүресі, 259 аят).

Яғни, Аллаһ Тағала оның шіріген сүйекке айналған есегін көз алдында қайта тірілткен.

5. Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Раббысынан өліктерді қалай тірілтетінін көрсетуді сұраған. Аллаһ Тағала оған төрт құсты сойып, боршалап, араластырып, оны төртке бөліп төрт тауға апарып қоюды бұйырды. Сосын Раббысының әмірімен Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды шақырғанда құстардың боршаланған дене мүшелері пайғамбардың көз алдында бірігіп қайта тіріліп келген. Бұл жайында Аллаһ Тағала: «Ибраһим: «О, Раббым, өлілерді қалай тірілтетініңді маған көрсетші», - деп айтқанын есіңе ал. (Аллаһ): «Сенбейсің бе?», - деді. (Ибраһим): «Әрине (сенемін). Бірақ, жүрегім орнығуы үшін», - деді. (Аллаһ): «Олай болса, құстардың төртеуін ұста да, оларды (сойып, боршалап) алдыңа жиып қой. Сосын бөлшектерін әр таудың төбесіне қой да, оларды шақыр, сол бойда алдыңа жетіп келеді. Әрі Аллаһтың өте Үстем, аса Дана екенін білгейсің», - деді» - деген (Бақара сүресі, 260 аят).

6. Аллаһ Тағала «Каһф» сүресінде баяндалған үңгірдегі жігіттер жайлы: **«Олар үңгірлерінде үш жүз жыл жатты. Сондай-ақ (оған) тоғыз (жыл) қосындар»**, - деген (Каһф сүресі, 25 аят). Яғни, Аллаһ Тағала діндерін сақтап қалу мақсатында жолдан тайған қауымдарынан қашып келіп бір үңгірге паналаған жігіттерді күн тізбесі бойынша үш жүз жыл ұйықтатқан. Ал күн тізбесіне шаққанда бұған тоғыз жыл қосылады.

Аллаһ Тағала Ақырет күніне сенбейтіндердің ақыл-ойына түрткі салады

Адам баласының Аллаһ жаратпастан бұрын биологиялық тұрғыда қандай күйде болатынына назар аударайықшы. Ол әуелде бар-жоғы ештеңеге тұрғысыз бір тамшы ұрық суы ғана болады. Осы бір тамшы су екі жүз елу миллионға жуық тірі жасушалардан тұрады. Адамды осыншалықты көп жасушадан біріктіріп дербес жаратылыс етіп, оны дүниеге әкелген, оған ақыл-ой берген Аллаһ Тағаланың оны қайта тірілтуге құдіреті жетпей ме?! Аллаһ Тағала:

«Адам баласы өзін бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сонда да ашық қарсылық істейді», Ясин сүресі, 77 аят;

«Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? Ол (жатырға) тамызылған бір тамшы ұрық суы емес пе еді? Сосын ол ұйыған қан болды. Сонда Аллаһ жаратып, толықтады. Сонда одан екі жыныс; ер және әйел жаратты. (Осының барлығын жасаған Аллаһ) өліктерді қайта тірілтуге Құдіретті емес пе?», - деген (Қиямет сүресі, 36-40 аяттар).

Адамзатты әуелгі жаратқан Аллаһ оларды қайта жаратуға құдіретті емес пе?! Аллаһ Тағала:

«Олар: «Біз сүйектер мен қоқымға айналған кезде жаңа бір жаратылыс болып қайта тірілеміз бе?» - деді. (Мұхаммед) оларға: «Мейлі тас яки темір немесе көкейлеріндегі ең бір зор жаратылыс болындар (бәрібір қайта тірілтілесіндер)», - де. Содна олар: **«Бізді кім қайтара (тірілтеді?)»** - дейді. **«Сендерді әуелгі рет жаратқан (Аллаһ)»** - де. Сонда олар саған бастарын шайқап: **«Ол қашан?»** - дейді. Сен: **«Жақында болар. Сендерді шақырған күні Оны мадақтай жауап бересіндер де, (дүниеде) аз ғана болдық деп ойлайсындар»** - деп айт», - деген (Исра сүресі, 49-52 аяттар).

«Ал адам баласы өзін алғаш жаратқанымызда (өзінің) дәнеңе емес екенін жадында ұстамай ма?», - дейді (Мәриям сүресі, 67 аят).

Көк пен жер сияқты үлкен-үлкен нәрселерді жаратқан Аллаһ Тағалаға адамды қайта тірілту не тұрады?! Аллаһ Тағала:

«Сондай көк пен жерді жаратқан (Аллаһ) солар сияқтыны жаратуға Құдіретті емес пе?» - деген (Ясин сүресі, 81 аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала бір нәрседен оның қарама-қарсысын шығаратынын айтады. Мысалы, салқын су ағаштан ыстық от шығарады. Құдірет иесі:

«Сондай (Аллаһ) сендерге жасыл ағаштан от жасап берді. Сонда сендер одан жағасындар», - деген (Ясин сүресі, 80 аят).

Аллаһ Тағала өлі жерді тірілткені сияқты адамдарды да өлгендерінен кейін тірілтетіні жайлы:

«Ол сондай (Аллаһ) рахметінің (жаңбырдың) алдында желдерді сүйінші етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда өлі өлкеге жіберіп, сол жерде ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен әртүрлі жемістерді шығардық. Осылайша өліктерді де тірілтеміз. Мүмкін үгіт аларсындар», - деген (Ағраф сүресі, 57 аят).

Сондай-ақ адам әр ұйықтап тұрған сайын өліп-тірілуді сезінеді. Өйткені ұйқы – кіші өлім. Аллаһ Тағала:

«Ол сондай (Аллаһ) түнде сендердің жандарыңды алады. Сондай-ақ күндіз не істегендеріңді біледі. Содан соң белгілі бір мерзім өту үшін сендерді (ұйқыдан) қайта тірілтеді. Соңыра қайтып барар жерлерің – Сол жақ. Содан кейін Ол істегендеріңнің хабарын береді», - деген (Анғам сүресі, 60 аят).

Қайта тіріліп есеп-қисап алынбаса, адамзатты жаратудың мәні болмай қалады. Аллаһ Тағала:

«Біз сендерді бостан-босқа жараттық, ал өздеріңді Бізге қайтарылмаймыз деп ойладындар ма?», - деген (Мүминун сүресі, 115 аят).

Ақыретке сенудің пайдасы және оған иланбаудың салдары

Бүгінде адамдар дүниелік кам-қарекеттерін барынша жасап, оны барынша пайдаланып қалуға ұмтылуда. Бірақ пенде Ақыретті де естен шығармау керек. Ақыретпен шұғылдану дегеніміз – дүниелік істерді

бір шетке ысырып қою деген сөз емес. Ақыретті танып – білуден біздің алар пайдамыз мол. Мысалы келтірсек:

1. Ақырет күніне сену, ол – ақиданың негізі. Ақырет күніне сенбесек, біз иман келтірушілердің санатына жатпаймыз. Ал имансыз тіршіліктің баяны қандай болмақ?... Аллаһтың азабы келгенде күніміз не болмақ?! Құранда:

«Тур тауына, жазулы Кітапқа, теріге жазулыға, толған Үйге (көктегі Қағбаға), көтерілген төбеге (көкке) және ыстық теңізге серт! Сөзсіз Раббыңның азабы болады. Оны тойтарушы жоқ», - делінген (Тур сүресі, 1-8 аяттар).

Ақыретке сену иманның бір тірегі, тақуалықтың шарты. Бақара сүресінде Аллаһ Тағала тақуа пенделерін сипаттап:

«Сондай ғайыпқа иман келтіргендер, намаз оқығандар және Біздің бергендерімізден (мал дүние) жұмсағандар. Сондай-ақ, саған түсірілгенге (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (кітаптарға) иман келтіргендер. Олар Ақыретке анық сенеді», - деген (Бақара сүресі, 3-4 аяттар).

2. Ақырет күніне сену мұсылман адамды жақсылыққа, ізгі амал жасауға ұмтылдырады. Ақырет күні болмаса мұндай ізгі амалдарды істеудің не керегі бар?! Өлім адам өмірінің ең соңғы шегі болатын болса, сауапты амалдарды жасаудың қажеті қанша?! Демек, Ақыретті танып-білу мүміндерді өздерінің істеген жақсы іс-амалдары үшін сауап алатындарына сендіріп, игілікке үгіттейді. Бұл игіліктің нәтижесі жайлы Аллаһ Тағала:

«Сосын әркімнің еңбегі толық беріледі де олар зұлымдыққа ұшырамайды», - деген (Әли Имран сүресі, 161 аят).

Бұл аяттан ұғарымыз, Ақырет – істеген амалдарымыздың қарымтасын көрер күн.

Сонымен қатар адамдарды бұл дүниенің қызықтарынан жүз бұрып намаз оқуға, ораза ұстауға, Құран оқуға т.с.с. құлшылық түрлерін орындауға жетелейтін нәрсе де – Ақырет күніне деген сенім. Ақыретке сенушілерді Аллаһ Тағала Құранда былай сипаттайды:

«Олар – Раббыларының азабынан қорқушылар», (Мағаридж сүресі, 27 аят);

«Ол Ақыреттен сақтанады және Раббысының рақымын үміт етеді», - деп келтірген (Зумәр сүресі, 9 аят).

Аяттардан аңғарғанымыздай, шынайы мұсылман Ақырет күніне деген үрей мен үміттің арасында өмір сүреді. Төмендегі аятта бұл жайлы:

«Расында олар жақсылықтарға ұмтылып, Бізден үміт пен үрей арасында тілейді және Бізге жан-тәнімен беріледі», - деп анық айтылған (Әнбия сүресі, 90 аят).

Ақырет күніне деген сенім, өміріміздің қай кезеңінде болмасын, бізді тек сауапты амалдарды мейілінше көбірек жасауға ұмтылдырады.

Әбу Дағдақтың (оған Аллаһ разы болсын) өмірінің аяқ шенінде жаңғақ ағашын отырғызғаны риуаят етіледі. Жаңғақ ағашы өнім беру үшін біраз жыл қажет ететіндігі белгілі. Оның мұнысына таңырқаған адамдар оған: «Бұл ағаш өнім берем дегенше сен өмір сүресің бе жоқ па?! Мұның саған қажеті не?» - дегенде, ол (оған Аллаһ разы болсын): «Мен пайдаланбасам, менен кейінгілер пайдаланады. Ал маған сауабы барып тұрады», - деп жауап берген екен.

Міне, бұл Ақыретке сенген адамның көрінісі.

Сондай-ақ осы сенім арқылы адамзат бұл өмірде бір даналық бар екенін түсінеді. Ал Ақырет түгілі Аллаһтың Өзіне сенбейтін кәпірлер жайлы Құранда:

««Дүние тіршілігімізден басқа (тіршілік) жоқ және біз қайта тірілуші емеспіз», - дейді», - деген (Әнғам сүресі, 29 аят).

Аллаһ сақтасын, мұндай сенімдегі адам өмірден бостан-бос өтіп кетеді.

3. Ақырет күніне сену адамдарды харам нәрселерден тосады. Олардың тіршілігін тиянақты етіп, бір қалыпта ұстайды. Әсіресе, қоғамымызда көптеп кездесетін дүние үшін бірін-бірі өлтіруден, ұрлық істеуден, қиянатшылдыққа бой ұрудан қайтарады. Өйткені Ақыретке сенген адам өзінің әр бір үлкен-кіші істерінің сұралатынын түсінеді. Аллаһ Тағала:

«Сол бір күні (Қиямет күні) әр адамның жақсы-жаман істері өз алдарында дайын болады», (Әли Имран сүресі, 30 аят);

«Олар: «Әттеген-ай! Бізге нендей өкініш! Мына кітап кішіні де, үлкенді де тастамай түгендепті», - дейді. Сондай-ақ олар істегендерін әзір табады. Раббың ешкімге зұлымдық қылмайды», - деген (Кәһф сүресі, 49 аят).

Пендені жаман істерден қайтарып тұрушы нәрсе – оның ішкі бақылаушысы. Осы ішкі бақылаушысы жоқ мүшелерге ие болған қоғам жабайылықтан, тағалықта, адамгершілік пен ар-ұяттан жұрдай болған күйде күн кешеді. Сондықтан кәпір қоғамда сабырсыздық, сараңдық, паракорлық, өзімшілдік, маскүнемдік, зинақорлық, құмар ойындары сияқты бұл дүние тіршілігінен барынша ләззат алып қалуға тырысу көріністері орын алады.

4. Ақырет сенімі адамға бұл дүниедегі уақытша қиындықтарға шыдауға, басына түскен қайғы-қасіреттерді көтеруге жәрдемдесіп, оны сабырлыққа үндейді. Ақыретке сенген мүміннің тұла бойы тұнған жақсылық болады. Сухайыбтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мүміннің ісі таңғаларлық. Расында оның ісінің бәрі жақсылық және бұл мүміннен басқа ешкімге тән емес. Егер оған шаттық келсе, шүкір қылады және (шаттығы) оған жақсылық болады, ал егер ауыртпалық келсе, сабыр етеді және ол (ауыртпалықта) оған жақсылық болады», -** деген (Имам Муслим).

Ал Ақырет күніне сенбейтін пенде жан азабында күн кешеді. Былай деуіміздің себебі, мәселен Ақырет күніне сенбейтін бір адамға залым біреулер қиянат жасап қорлық көрсетсе, мал-мүлкін тартып алса, зорлық қылса, кегін қайтаруға шамасы келмеген әлгі байғұс пенде өзгеде кеткен ақысын кімге барып дауларын білмей, үмітсіздікке тап болып өмірден түңіліп, күйінбей ме? Пәни ғұмырдың өтпелі ауыртпалығына төзбей қаншама адамдар өз-өздеріне қол жұмсап жатыр. Мұнын бәрі Ақыретке сенбеудің салдарынан. Ақыретке деген сенім бізді біреуде кеткен есіміздің қайтуына үміттендіреді. Ал бұл үміттің ақталуы ақиқат, оған күдіктенуге, шүбәлануға болмайды. Аллаһ Тағала:

«Олардың Ақырет туралы білімі жеткілікті ме? Бәлкім олар одан күдікте, тіпті олар оған (байланысты) мүлде соқыр», (Нәміл сүресі, 66 аят);

«Кім ізгі іс істесе, ол өзінің пайдасына. Ал кім жамандық істесе, ол да өзінің зиянына. Раббың пенделерге зұлымдық істеуші емес», (Фуссылат сүресі, 46 аят);

«Сонда кім тозаң түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, оны көреді. Ал кім тозаң түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны да көреді», - деп айтқан (Зілзәла сүресі, 7-8 аяттар).

5. Ақырет күніне сену – қоғамның салауаттылығының кепілі болып табылады. Дәл осы сенім әр бір адамды салауатты, нәтижелі, жемісті өмірге бастайды. Бізді өз еркімізбен кедей – кепшіктерге қарайласуға, оларға садақа, зекет беруге не мәжбүрлейді? Әлбетте, бұл біздің Ақырет күніне деген сеніміміз. Ешкім мәжбүрлемей-ақ, өз еркімізбен мал-мүлкіміздің біраз бөлігін кедей-кепшіктерге таратамыз.

Ал Ақырет күніне сенбейтін қоғамда салық төлеуге мәжбүр қылатын нәрсе мемлекет заңынан қорқу ғана. Статистика бойынша кез-келген мұсылман емес елде әр бір жүз адамның сексенге жуығы салық төлеуден қашады екен.

6. Ақырет күніне сенген адам бұл жалған дүниенің қаншалықты қысқа екенін түсініп, өзіне берілген уақытты барынша тиімді әрі ұтымды пайдаланып, аз уақыт жұмсап, көп нәтижеге қол жеткізеді.
7. Ақырет күніне сенген адам пәнидің таразысына емес, бақидың таразысына қарап, дүниенің есебімен емес, Ақыреттің есебімен амал істейді.
8. Ақырет күніне деген сенім – пендені Аллаһ Тағаланың ұлылығын, құдіретін сезінуге мәжбүрлейді. Аллаһ Тағала: **«Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ. Сөзсіз Аллаһ әр нәрсеге Құдіретті»**, - деп айтқандай (Нахл сүресі, 77 аят), Өзінің құдіретімен Қияметті қас-қағым сәтте-ақ алып келеді.

Міне Аллаһтың құдіретінің шексіздігі. Аллаһ Тағала: **«Адам баласы Біз сүйектерін жинай алмайды деп ойлайма? Әрине, Біз оны саусақтарының ұшына дейін**

қайта жасауға күдіреттіміз», - деген (Қиямет сүресі, 3-4 аяттар).

Осы аяттарда ишара жасалғандай, қайсыбір адам болмасын оның саусақтарының ізімен ешбір жанның саусақ ізі сәйкес келмейді, тіпті олар егіздер болса да. Бұдан асқан қандай күдірет болуы мүмкін?! Аллаһ Тағала:

«Бұл – Аллаһтың хақ, әрі Оның өліктерді тірілтетіні үшін және Ол әр нәрсеге Күдіретті болғаны үшін. Сондай-ақ, Қияметтің, күдіксіз, келуші және Аллаһтың қабірдегілерді тірілтетіні үшін», - деген (Хадж сүресі, 6-7 аяттар).

9. Ақырет күніне деген иман біздің Аллаһ Тағаланың әділдігіне деген сенімімізді арттырады. Аллаһ Тағала:

«Ешбір күнәһар басқаның күнәсін көтермейді. Күнәсі ауыр болған біреу (күнәсін) көтеруге шақырса, егер, ол жақыны болса да оған еш нәрсе жүктелмейді», - деген (Фатыр сүресі, 18 аят).

Сонымен қатар адам баласы тек өз басының күнәларына ғана жауап беретіндігі жайлы Құран Кәрімнің «Нәджм» сүресінде Аллаһ Тағала:

«Ешбір күнәһар басқаның күнәсін көтермейді. Адамзат үшін өз амалы ғана (пайда береді). Сөз жоқ, амалы (-ның нәтижесі) таяу арада көрінеді. Сонсоң оған (амалының) есесі толық беріледі», - деген (Нәджм сүресі, 38-41 аяттар).

10. Бұл сенім пендені дербес жауапкершілікке үйретіп, өзгелерге сеніп, арқа сүйеп алданып қалмаудан тосады. Өйткені, Ақыретте адам баласына оның ешқандай туысы, арқа сүйер жақындары жәрдем бере алмайды. Ол жайлы Аллаһ Тағала:

«Сол күні кісі туысынан қашады: шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (қашады). Ол күні әркімнің өзіне жететін ісі болады (яғни, әр кім өз халімен әлек)», - деген (Абаса сүресі, 34-37 аяттар).

Демек адам тура жолды ұстанса ол өзінің пайдасына, адасса да өзінің зиянына. Аллаһ Тағала ол күнді сипаттап:

«Сондай-ақ, олардың барлығы Қиямет күні Оған жеке-жеке келеді», - деген (Мәриям сүресі, 95 аят).

Ақыретте әр бір пенде Аллаһтың алдына жеке-жеке, тек өзінің амалымен ғана келеді. Сол күннің азабынан Құранда Аллаһ Тағала адамдарды сақтандыра:

«Ей, иман келтіргендер! Өздерінді және отбасыларыңды, отына адамдар мен тастар болған тозақтан сақтандар», - деген (Тахрим сүресі, 6 аят).

Бірде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің жақын туыстарын жинап:

«Ей, Кааб ибн Луэй ұлдары, өздерінді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Мурра ибн Кааб ұлдары, өздерінді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Хашим ұлдары, өздерінді тозақтан құтқарыңдар! Ей, АбдульМутталиб ұлдары, өздерінді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Мұхаммедтің қызы Фатыма, өзінді тозақтан құтқар! Өйткені мен сендерге Аллаһтың алдында ешқандай жәрдем бере алмаймын», - деген-ді (Имам Бұхари және Имам Муслим).

Егер адам Ақыретте өзінің туыстарына септігін тигізе алғанда, онда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өз жақындарына жәрдем берер еді. Ал ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жақындарына ескерту жасап: «Мен сендерге Аллаһтың алдында ешқандай жәрдем бере алмаймын», - деген.

11. Ақыретке деген сенім адамға қоғам алдында жауапкершілік жүктейді. Бұл жауапкершілік, әсіресе халық қызметіндегі адамдарға қатысты. Осы сенімді қалтықсыз ұстанған әділетті әмірші – Омар ибн аль-Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын): «Иракта бір қашыр сүрінсе, Аллаһтың одан мені: «Неге жолды тегістеп қоймадың, ей, Омар?» - деп сұраққа аларын ойлаймын», - деген.
12. Ақырет сенімі адамға өлімді батыл қарсы алуға көмектеседі. Ал Ақыреттік өмірге сенбейтін адамдар өлімнен өлердей қорқады. Олар тірі жаны үшін неден де болсын тайынбайды. Аллаһ Тағала:

«(Мұхаммед) (яһудилердің) адамдардан және мүшриктерден де өмір сүруге тым құмар екенін көресің. Олардың әр бірі мың жыл өмір сүруді қалайды. Алайда ұзақ өмір сүруі оны азаптан арашаламайды. Аллаһ

олардың істегендерін толық Көруші», - деген (Бақара сүресі, 96 аят).

Ақыретті танып-білудің қажеттілігі

Бәзбіреулер Ақыретке деген көзқарасын: «Жарайды, Ақыретті танып-білдік дейік. Бірақ бізге Қияметтің қашан келетінін, оның үлкен және кіші белгілерін, оның түрлі жағдайларын білудің қажеті қанша? Біз мұндай нәрселермен айналысқанша, нақты бір істермен неге шұғылданбаймыз? Мысалы: Ислам экономикасын көтеру, үмбетті аяққа тұрғызу, жастарымызға заманауи білім беру сияқты көкейтесті мәселелермен неге айналыспасқа? Неге дегенде, бүгінгі таңда Ислам әлеуметі әлемдік даму сатысына ілесе алмай отыр емес пе? Оларға яжужь-мажуждің пайда болуы жайлы айтқанша, осы кемшіліктеріміздің орнын неге толтырмаймыз?» - деген сияқты ойлармен білдіруі мүмкін.

Біздің мұндай сөздерге айтар уәжіміз:

1. Ақырет жайлы оқып-білу, бұл – дініміздің талабы. Ал дін талабында біз ерікті емеспіз. Сондай-ақ, Ақыретке сену – иманымыздың бір тірегі. Олай болса мұны білуге тиіспіз. Бұл дүниеде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Ислам мемлекетінің негізін қалап, Ислам үмбетін көтеру жолында, тіпті, түрлі жиһадтарға шықса да, мұсылмандардың игілігі үшін тер төге жүріп әрдайым өз сахабаларына Ақыретті егжей-тегжейлі түсіндіріп, үйретіп кетті. Сонымен қатар ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) екі тарапты тепе-теңдікте ұстап, дүниені де құрды, дінді де түсіндірді. Демек, Ислам біздің де осылай етуімізді қалайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көрсетіп, қалыптастырып кеткен бұл жағдай біздің осы дүниедегі ұстанымымыз болу керек. Сол тұстағы сахабалар мен ізгі буындар осы үйренгендерінен танбай артық сөз, дау-дамай тудырмай, оны дұрыс ұстана білді. Оларды Ақыретке деген шынайы сенім дүниелік істерден тосқан жоқ. Аллаһ Тағала:

«Аллаһтың саған берген дәулетімен) Ақырет мекенін ізде, сондай-ақ дүниедегі несібенді де ұмытпа», - деп Құранда ашық айтып, нұсқау берген нәрсеге біз несіне артық сөз айтамыз?! (Қасас сүресі, 77 аят).

Әрине, шын мәнінде де, осы тепе-теңдікті бұзып, бір жақты түсінікпен Исламның тура жолынан ауытқыған адамдар, жамағаттар болған. Әлбетте, біз оларды құптамаймыз.

2. Ақыретті танып-білудегі біздің тағы бір қажеттілігіміз, ол – өзіміз білмейтін нәрселерді оқып-білу, олармен танысу. Адам баласының жаны білмеген нәрсесіне күйгелік келеді. Әсіресе, ол болашақта өзін не күтіп тұрғанын білмесе. Болашақтан үміті жоқ пендеге көз салайықшы. Ол үмітсіздігінің кесірінен түрлі жаман әдеттерге бой алдыруы мүмкін. Мәселен, адам өз болашағын білгісі келіп жұлдызнамаларға жүгініп, бақсы-балгерлерге, астрологиялық болжамдарға ұрынады. Ал, Ақыретті танысақ біздің қолымызда болашағымыз жайлы нақты мәліметтер болады. Ол мәліметтер бізде жетерлік. Енді оларды неге оқып, білмеске? Оның үстіне Қияметтің белгілерін білу біздің иманымызды арттырады. Бұған дәлел: Қияметтің кіші белгілерін алсақ, олар пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) соңынан басталып, осы күнге дейін жалғасын тауып, жүзеге асып жатыр. Осылар біздің иманымызды арттырмай ма?... Ол белгілерді күту пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтып кеткен хабарларға сенбеу деген сөз емес. Керісінше, Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) айтқандай: **«Бәлкім, жүрегім орнығу үшін»**, (Бақара сүресі, 260 аят).

Сондай-ақ Ақырет істері, Қиямет күнінің белгілері жайлы көптеген хадистер келген. Мысалыға, бұл хадистер бізге арамызда бүлік туған жағдайда тура жол нұсқайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бүлік жайлы ескертіп: **«Сендердің алдарында қараңғы түннің бөліктеріндей фитналар тұр. Ондай кісі мүмін күйінде таң атырып, кәпір болып кеш батырады. Мүмін болып кеш батырып, кәпір күйінде таң атырады. Онда отырған тұрғаннан жақсы. Тұрған жүргеннен жақсы, жүрген жүгіргеннен жақсы»**, - деген (яғни, пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларды басы артық әрекет жасамауға үндеген).

Сонда сахабалар: **«Бізге не бұйырасың, о, Аллаһтың Елшісі?»**, - деді. Ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың

салауаты мен сәлемі болсын) оларға бүлік жағдайында оған араласпауға бұйырып: «Үйлеріңнен шықпандар!», - деді», Әбу Дәуіт риуаят етті.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) берген бұл тәлімі сахабаларға ғана емес, бізге де тура жол сілтейді.

Дәл сол сияқты шешімін табуды қажет ететін кейбір шарифат мәселелері бар. Мысалы: ғылым-білім дамып, адамзат мүмкіндігі дәуірлеп тұрған қазіргі уақытта ғарышқа ұшу, тіпті өзге ғарыштық планеталарға (Айға, Марсқа) саяхат жасайтын адамдар пайда болды. Айталық, Марс планетасы уақытының жердегі уақыттан едәуір айырмашылығы бар. Енді мұсылман адам Марсқа бара қалған жағдайда бес уақыт намазын Марс планетасының уақытымен оқи ма жоқ әлде Жердегі уақыт өлшемімен оқи ма? Немесе дәл сол сияқты алты ай күн, алты ай түн болатын солтүстік көлбеу сызығының бойында жатқан кейбір өлкелерде қалай болмақ?...

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Даджалъ туралы әңгімелеп жатқанда, сахабалар: «Ол (Даджалъ) жер бетінде қанша (уақыт) болады?» - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Қырық күн: (онда) бір күн бір жылдай, бір күн бір айдай, ал бір күн бір жұмадай болады, қалған күндері өз күндерің сияқты», - деген. Сахабалар: «О, Аллаһтың Елшісі! Сол бір жылдай болатын күнде бізге күн мен түннің намазы жеткілікті ме?» - дейді (Яғни, сол күн мен түннің өлшемімен намаз оқимыз ба деген мағынада). Сонда пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Жоқ, оған (өздеріңше) өлшем жасаңдар», - деген (Имам Муслим және Имам Әбу Дәуіт риуаят етті).

Яғни, ол кезде табиғи күннің есебімен намаз оқылады. Бұл үкімдер бізге күнделікті тіршілігімізде қажет болмауы да мүмкін. Бірақ бұл үкімдерді қажет ететін санаулы адамдар бар. Бәлкім бұл үкімдерді білу келешекте маңызы зор, аса қажетті нәрселерге айналуы мүмкін. Сол үшін де біз бұл ілімдерді өшірмей, келер ұрпаққа жеткіземіз. Ақыретке қатысты мәселелерді оқып-үйренуіміздің мәні де осында.

Ақыреттің келуінен бұрын оған ізгі іс-амалдар арқылы қамданудың қажеттілігі

Ақырет жайлы оқып-үйрену адамды мәңгүртiкке, көзсоқырлыққа емес керісінше сауапты іс-амалдар жасауға ұмтылдырады. Аллаһ Тағала Құранда:

«Раббыларыңның кешіріміне және тақуалар үшін әзірленген кендігі көктер мен жердей жәннатқа жарысыңдар», - десе (Әли Имран сүресі, 133 аят), пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кісі мүмін боп оянып, кәпір болып кеш батыратын, мүмін болып кеш батырып кәпір боп таң атыратын, дүние мақсатында дінін сата тұғын сондай бір қараңғы түннің бөлігіндей фитналардың алдын іс-амалдармен алыңдар»,** - деп өсиет еткен (Имам Муслим риуаят етті).

Ал басқа бір хадисте: **«Іс-амалдармен алты нәрсенің алдын алыңдар: күннің батыстан шығуының, немесе түтіннің, немесе Даджалдің, немесе жануардың, немесе әрбіріне қатыстының (өлімнің), немесе жалпылық істің (Қияметтің)»,** - деген (Имам Муслим риуаят етті).

Яғни, Ақыретке деген сенім бізді ол күнге қол қуысырып күтіп отырмай, іс-әрекетпен қамдануға шақырады. Шынында да біз нені күтуіміз керек, көкейімізде туған бұл сұраққа пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде жауап бере: **«Жаңылдырушы жоқшылықты күтесіңдер ме? Немесе мастандырушы байлықты ма, немесе зарарлы ауруды ма, немесе опат етуші кәрілікті ме, немесе (әлі) келмеген (бірақ) күтіліп отырғандардың ең кесірлісі – Даджалді ма, әлде аса ауыр, тым ащы Қияметті ме?!»,** - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят еткен).

Сондай-ақ Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етіледі: **«Бірде пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі келіп: «О, Аллаһтың Елшісі, қай садақаның сауабы үлкен?» - деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Денің сау боп тұрып, сараң боп тұрып, жоқшылықтан қорқып тұрып және баюды қалап тұрып садақа беруіңнің (сауабы артық)»,** - деп жауап берген (Имам Муслим риуаят етті).

Демек, мұндай даналыққа толы хадистен ұғарымыз: артық дүниеден берілген садақадан малдың басы құралмай жатып берген садақа абзал. Ауыры Ақыретті ойлап берген садақадан дін – аман, сау кезде берілген садақаның сауабы артық.

Егер біз Ақыретке сенсек, бейғамдыққа салынып күтіп отырмауымыз керек. Өйткені бізге ертеңіміздің қалай болары беймәлім. Аллаһ Тағала құлдарына ескерте Құранда:

«Жан жұтқыншаққа келген кезде», - деген (Уақиға сүресі, 83 аят).

Пенденің қолындағы мал-мүлкіне қатысты екі-ақ жолы бар: оны игілікке пайдалануымыз керек не болмаса артымызда қалады. Кісінің мал дүниесі артында қалатыны жайлы пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жасы келгендерге арнап: **«Есінде болсын, (мал дүниені) пәленшеге (қалды)»,** - деген (Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті).

Ал Құранда Аллаһ Тағала: **«Олар (тозақта): «Раббымыз, бізді тозақтан шығар! Істеген амалдарымыздан басқа жақсы амалдар істейік»,** - деп шыңғырады. **«Біз сендерге үгіт алғысы келген кісі үгіт алатын өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді татындар, залымдар үшін еш бір көмек жоқ»,** - (делінеді)», - деген (Фатыр сүресі, 37 аят).

Аллаһ Тағаланың аяттағы **«Біз сендерге үгіт алғысы келген кісі үгіт алатын өмір бермедік пе?»** деген сөзінің түсіндірмесін Абдуллаһ ибн Аббас (ол екеуіне Аллаһ разы болсын) және басқа да тәпсір ғалымдары: **«Сендерді алпыс жасқа жеткізбедік пе?»** деп тәпсірлеген. Бұдан аңғаратынымыз, адам баласына алпыс жыл мұрсат берілген. Ал алпыс жастан кейін пендеде айтар уәж (үзір) қалмайды. Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аллаһ Тағала кісіге үзір беріп, оның мерзімін ол алпыс жасқа жеткенге дейін кешеуілдеткен»,** - дейді (Имам әл-Бухари риуаят етті).

Аллаһ Тағала өмірімізді ізгі нәрселермен ұзартқай! Алайда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде: **«Менің үмбетімнің өмір жастары алпыс пен жетпістің арасында»,** - деген (Имам әт-Тирмизи және Имам ибн Маджах риуаят етті).

Ғұмырының көбі өтіп, азы қалған мұсылман кейін опық жеміс үшін дүние істерінен гөрі Ақыретін ойлау керек. Қалай болғанда да, мұнан кейін бұл дүниеде оған Ақыретін қамдаудан басқа еш нәрсе қалған жоқ. Бұл сөзіміз құлаққа түрпідей тиіп, жүрекке қорқыныш тудырғанмен, мақсатымыз – мұсылман бауырларды қорқыту емес, қапыда қалмаулары үшін олардың естеріне Ақыретті салу.

Ақыретке қатысты үрей мен үміт

Расында да Ақыретке қатысты әңгімеден адам бойында үрей, қорқыныш тууы мүмкін. Бірақ бұл жәннатқа жетелейтін пайдалы қорқыныш. Мүміннің өзі «үміт пен қорқыныштың арасында жүреді» деп сипатталады емес пе?... Мүмін-мұсылмандарды қорқытып, үрейлендіріп, сонымен қатар оларды үміттендіріп келген Құран аяттары мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистері жетерлік. Аллаһ Тағала ескерте:

«Менен ғана қорқындар!», (Бақара сүресі, 40 аят);

«Расында Раббыңның қолға алуы өте қатты», (Бурудж сүресі, 12 аят);

«(Тұрғындары) залым болған ауылдарды қолға алғанда, Раббыңның қолға алуы осындай (болды). Расында Оның қолға алуы (яғни, жазалауы) күйзелтуші әрі қатты. Күдіксіз осында Ақырет азабынан қорыққан (кісілер үшін) анық дәлел бар. Бұл адамдар сол үшін жиналатын күн. Сондай-ақ ол (бәрі де) әзір болатын бір күн. Біз оны (яғни, Қиямет күнін) санаулы бір мерзімге ғана кешіктіреміз. Ол күн келгенде Аллаһтың рұқсатынсыз ешкім де сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар. Сонда сорлағандар тозаққа ыңыранып, шыңғырады», (Һуд сүресі, 102-106 аяттар);

«Сол күні кісі туысынан қашады: шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (қашады). Ол күні әркімнің өзіне жететін ісі болады», (Абаса сүресі, 34-37 аяттар);

«Әй, адамдар! Раббыларыңнан қорқындар! Расында Қияметтің сілкінісі үлкен нәрсе. Ол күні әр емізушінің емізуді қойғанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Және де адамдарды мас түрде көресің. Негізінде олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты», - деген (Хадж сүресі, 1-2 аяттар).

Осы құдай алдындағы қорқыныш пендені жәннатқа жеткізеді. Аллаһ Тағаланың Өзі:

«Раббысының алдында тұрудан қорыққан кісіге екі жәннат бар», (Ар-Рахман сүресі, 46 аят), - деп көрсеткендей бұл қорқыныш бізді жәннатқа жол табуымыз үшін ізгі іс-амалдар жасауға ынталандырады.

Аллаһ Тағала жәннаттағылардың өзара бір-біріне айтқан сөздері жайлы: **«Олар бір-біріне қарама-қарсы (отырып) сұрасады. «Расында Біз бұрын (дүниеде) отбасымызда қорқушы едік. Сондықтан Аллаһ бізге кеңшілік етті де захарлы азаптан қорғады. Расында біз бұрын Аллаһқа жалбарынушы едік. Өйткені Ол игілік Істеуші, ерекше Мейірімді»**, - деседі», - деген (Тур сүресі, 25-28 аяттар).

Енді пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне ескертіп айтқан мына бір керемет айтылған хадиске құлақ түрейік: **«Мен сендердің көрмейтіндерінді көремін және естімейтіндерінді естимін! Аспан қайысты! Оның қайысуға хақысы бар! Онда Аллаһ Тағала маңдайын сәждеге қойып тұрған періште (болмаған) төрт елі (бос) жер жоқ! Аллаһпен ант етейін! Сендер мен білген нәрсені білгендерінде еді?! Онда сөзсіз аз күліп, көп жылайтын едіңдер, төсекте әйелдермен ләззаттанбайтын едіңдер, жолға шықпайтын едіңдер. Тек Аллаһ Тағалаға жалбарынар едіңдер!»,** - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят етті).

Бірақ адам баласы бұл қорқынышты естерінен шығарады, ұмытады, өйткені оларды көзімен көре алмайды. Бұл да болса Аллаһтың пенделеріне деген мейірімі мен кеңшілігінің көрінісі. Егер шын мәнінде біз қорқатын нәрселер көз алдымызда тұрған күніміз не болар еді?! Мысалы, Аллаһ Тағала адамдарға тозақтың өзін былай қойып оның кішкентай бір бөлігін көрсетіп қояр болса, біз қорқыныштан өз-өзімізді жоғалтып, есімізден танар едік.

Сондай-ақ пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Қиямет күнін сипаттай отырып: **«Қиямет күні адам баласы, қашан ол өмірінен, оны не нәрседе өткізгендігі және іс-амалынан, оны не нәрседе істегендігі және мал-дүниесінен, оны қайдан тауып, қайда жұмсағандығы және тәнінен, оны не нәрседе пайдаланғандығынан сұралмайынша, оның екі аяғы қозғалмайды»**, - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят етті).

Сонымен қатар Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етіледі: **Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың: «Ол күні жер хабарларын айтады», - деген аятын оқып (Зілзәлә сүресі, 4 аят): «Сендер оның хабарларының не екенін білесіңдер ме?» - деп сұраған. Сахабалар: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсы біледі», - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «(Жердің) хабарлары оның Қиямет күні өзінің бетінде әр бір еркек пенде мен әр бір әйел пенденің не істегеніне куәлік беруі. (Жер): «(Пәленше) мына-мына күні, мынаны-мынаны істеді», - дейді. Оның хабарлары осы», - деген (Имам Ахмад риуаят етті).**

Әбу Сағид әл-Худриден (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қалай ләззаттанайын?...Кернейдің иесі (Исрафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын)) кернейді ауызға алып, маңдайын иіп, құлағын тосып үрлеуге бұйрық күтіп тұр. (Қашан бұйырылады), үрлейді», - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят етті).**

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл сөзі Ақыреттің қаншалықты жақын қалғандығын аңғартады. Исрафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кернейін үруге бұйрық күтіп дайын тұр. Бұл Ақыреттің басталуының белгісі. Мұндай суық хабардан пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары үрейленіп қалды. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға: **«Аллаһ бізге жеткілікті. Ол өте жақсы Уәкіл. Раббымыз Аллаһқа тәуекел қылдық», - деп айтындар», - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят етті).**

Біз мүмін-мұсылмандар қанша жерден ынта-жігеріміз күшті болып, амалдарымыз көбейіп, сауаптарымыз артса да, Аллаһтың рақымына ілікпей жәннатқа жете алмаймыз. Тек Аллаһ Тағаланың мейірімімен ғана жәннаттың есігін аша аламыз.

Рас, Ақырет қорқынышты-ақ. Бірақ бұл адамның сағын сындыратын, жүнін жығатын, үмітсіздікке бой алдыратын қорқыныш емес, керісінше пайдалы, нәтижелі қорқыныш. Бұл айтқанымызға пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім қорықса, асығады», - деген сөзі айқын дәлел.**

Яғни, Ақыреттегі Аллаһтың азабынан қорыққан пенде бейғамдыққа салынбай, сауапты амалдар істеп, түрлі жақсылықтар жасап, Қияметін қамдайды.

Мұнан кейін пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін жалғап: **«...Ал кім асықса, қонысқа жетеді. Аллаһтың тауары қымбат емес пе? Ал, Аллаһтың тауары – жәннат емес пе?»**, - деген (Имам әт-Тирмизи риуаят етті).

Демек, Аллаһ Тағаланың бұл қымбат тауарына қол жеткізу үшін талмай тер төгу керек.

Біз жоғарыда айтылған әңгімелерден бауырларымыздың жүрегіне түскен қорқынышты сейілту үшін үміт жайлы айтылған Құран және хадис сөздерінен бір-екі дәйек келтірейік. Мысалы, Аллаһ Тағала Құранда мүмін құлдарына: **«(Мұхаммад) айт: «Ей, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметіне күдер үзбеңдер. Аллаһ барша күнәларды кешіреді. Өйткені Ол аса Кешірімшіл, өте Мейірімді»**, (Зумар сүресі, 53 аят);

«Рахметім әр нәрсені сыйдырады», - дейді (Ағраф сүресі, 156 аят).

Ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үміт жайлы өз сөздерінде не айтқан еді?

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аллаһ Тағала: «Кім (Маған) бір жақсылықпен келсе, оған дәл сондай он (жақсылық беремін) немесе (одан да) арттырамын. Ал кім бір жамандықпен келсе, жамандықтың жазасы дәл сондай бір жамандық немесе кешіремін. Кім Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір кез жақындаймын. Ал кім Маған бір кез жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындаймын. Кім Маған жүріп келсе, Мен оған жүгіріп барамын. Кім маған жер толы қателіктермен, Маған ештеңені серік қоспай жолықса, Мен оны дәл сондай кешіріммен қарсы аламын»**, - деп айтады», - деген (Имам Муслим риуаят етті).

Джабирден (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етіледі: **Бір бәдәуи пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «О, Аллаһтың Елшісі! Уәжіп болатын екі нәрсе не?»** - деп сұрағанда, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім Аллаһқа ештеңені серік қоспай өлсе, жәннатқа кіреді де, оған жәннат уәжіп болады. Ал Оған бір нәрсені серік**

қосып өлсе, тозаққа кіреді де, оған тозақ уәжіп болады», - деп жауап берген (Имам Ахмад риуаят етеді).

Демек таухид жәннатты, ал ширк тозақты уәжіп қылады екен.

Анастан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілуі бойынша, бірде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Муаз (оған Аллаһ разы болсын) арқасына мінгесіп келе жатқанда: «Ей, Муаз!» - дейді. Муаз (оған Аллаһ разы болсын): «Ляббай, о, Аллаһтың Елшісі!» - деп жауап береді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтадан: «Ей, Муаз!» - дейді. Муаз (оған Аллаһ разы болсын): «Ляббай, о, Аллаһтың Елшісі!» - деп жауап береді. Сонан соң пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Қайсы бір пенде шын ниетімен Аллаһтан өзге құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік берсе, Аллаһ Тағала оған тозақты харам етеді» - деген.

Сонда Муаз (оған Аллаһ разы болсын) пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «О, Аллаһтың Елшісі! Адамдарды сүйіншілеп хабарлайын ба?» - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Онда олар (бұл сөзге) арқа сүйеп кетеді», - деп бұл айтқан сөзінен адамдардың хабардар болуын құп көрмеді (Имам әл-Бұхари және Имам Муслим риуаят етті).

Расында да бұл хадисті естіген мүмін: «Маған Аллаһ тозақты харам етіп қойған» деген ойға келіп, түрлі күнәларға ұрынуы мүмкін ғой? Сол үшін де пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мұны адамдардан жасырған. Ал хадисті естіген жалғыз Муаз (оған Аллаһ разы болсын), пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дүние салғанға дейін бұл естігені жайлы ешкімге тіс жармады. Тек Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеден өткеннен кейін ғана барып, өлер алдында адамдарға айтып берген.

Сондай-ақ пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаһтан басқа құдай жоқтығына және мен Аллаһтың Елшісі екендігіме куәлік беремін. Қайсы бір шәк-шүбәсіз осы екеуімен Аллаһқа жолықса, жәннаттан тосылып қалмайды», - деген (Имам Муслим риуаят етті).

Қателік жіберу, күнә істеу ол адам баласының табиғаты. Бұл заңдылық. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сендер күнә жасамағандарыңда (еді), Аллаһ Тағала күнә істейтін, сөйтіп (Өзі) оларды кешіретін (басқа бір) жаратылыс жаратар еді»,** - деген (Имам Муслим риуаят етті).

Біз күнә жасаймыз да, сосын Аллаһтан кешірім сұрап, оның ақырынан қорқамыз. Бірақ күнә жасадық екен деп Аллаһтың рақымынан үміт үзбейміз. Осылайша үміт пен қорқыныштың арасында өмір кешеміз. Егер осы екеуін теңестіре алсақ, онда Ақыретте жетістікке жетеріміз хақ.